

Созақ ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 30 маусымдағы "Созақ ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы" № 171 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Түркістан облысы Созақ ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 13 ақпандағы № 24 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2025 жылғы 14 ақпанда № 6661-13 болып тіркелді

Созақ ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Созақ ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы" Созақ ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 30 маусымдағы №171 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №28726 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының кіріспесі жаңа редакцияда мазмұндалсын:

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы №264 "Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы" бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11148 болып тіркелген) Ішкі сауда қағидаларының 73-тармағына сәйкес, Созақ ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Созақ ауданының әкімі

М. Турысбеков